



«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Форумның міндеттері:

1) өзінің өмірлік жолын, ізденіс қызметін жобалау жағдайында жүрген білім алушылардың қызығушылықтарын жандандыру;

2) кәсіби өзін-өзі анықтау сұрақтарында жоғары сыныптағылардың тиімді қоғамдық маңызды қызметін қолдау және дамыту;

3) көрнекті тұлғаларды анықтау және қолдау, кәсіби білім алуда шығармашылық қабілетті дамыту;

4) жасөспірімнің болашақ мамандық таңдауда отбасымен, мектеппен, шығармашылық ұжыммен және қоғаммен қарым-қатынастың инновациялық түрлерін дамыту;

5) білім алушылардың түрлі оқу орындарымен шығармашылық қарым-қатынас орнатуға және жұмыспен тәжірибе алмасуға ықпал ету.

4. Форум Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша қашықтан өткізіледі.

5. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, форумды өткізеді және қорытындысын шығарады.

2. Форумды өткізу мерзімі және реті

6. Аудандық/қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы қойылған іліспе хат пен байқау жұмыстарын **2026 жылғы 18 ақпанға дейін** qosimsha.bilim.abai@mail электрондық поштасына жолдайды.

7. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) Форумның аудандық/қалалық кезеңдері жеңімпаздарының Форумға қатысуы туралы өтінімі (қатысушының туу туралы куәлігі немесе жеке куәлігі бойынша толтырылған Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, мекен-жайы, телефоны);

2) www.youtube.com каналында орналастырылған бейнематериалдарға сілтеме.

8. Форумның қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушылардың сертификаттары **2025 жылғы 25 ақпанда** ұйымдастырушының сайтында орналастырылады.

9. Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

3. Форум қатысушылары және талаптар

10. Форумға аудандық/қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары – меншік түрлері мен нысандарына қарамастан негізгі орта, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады. Қатысушылардың жасы: 11-17 жас.

11. Іс шараларға қатысу арқылы балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін Форум екі кезеңде өткізіледі:

I кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік

аудандық/қалалық

облыстық

II кезең (қорытынды) – Республикалық форум қашықтық форматта 2026 жылдың сәуір айында өткізіледі. Республикалық кезеңге қатысушылардың жалпы саны – 180 адам (әр өңірден – 9 білім алушы).

12. Форум келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1) «Мен таңдаған мамандық» презентациялар байқауы.

Қойылатын талаптар: 3 қатысушы 1 - қазақ, 1 - орыс, 1 - ағылшын тілдерінде үздік жұмыстарын, презентацияларын ұсынады.

Презентацияның мазмұны:

- бұл мамандық авторға не үшін тартымды;
- мамандықтың шығу тарихы;
- мамандықтың мазмұны;
- осы мамандық бойынша танымал адамдар;
- адамның осы мамандыққа қажетті қасиеттері, қабілеттері;
- мамандықтың оң және кері (жақсы – жаман) жақтары;
- осы мамандық бойынша қайдан білім алуға болады;
- осы мамандық бойынша жұмыс істеуге болатын салалар;
- маманның мансаптық болашағы;
- қазіргі уақытта еңбек нарығында мамандардың сұранысы.

Техникалық талаптар: презентацияда 10-15 слайд болуы тиіс. Файл өлшемі – 5 МБ-тан аспайды; форматы – PowerPoint; бастапқы бетте: облыс, білім беру ұйымының аталуы, презентацияның тақырыбы, автордың Т.А., сыныбы, презентацияда дыбыстық сүйемелдеуді, фотосуреттерді қолдануға болады; презентацияда біртұтас стиль сақталуы қажет (түс, қаріп (өлшемі, сызба), дәлдігі).

Бағалау өлшемдері:

- техникалық талаптарға сәйкестігі;
- тақырыпты ашу, мазмұнның толықтығы (басымды);
- ақпараттың өзектілігі, негіздемесі (басымды);
- ақпаратты ресімдеуге және беруге шығармашылық көзқарас;
- мәтіндік және графикалық ақпаратты слайдтар бойынша орынды бөлу (слайдтар санының талаптарға сәйкестігі).

2) «Болашақ мамандығы» шығармашылық жұмыстар байқауы.

Қойылатын талаптар: 3 қатысушы болашақта, яғни 5–10 жылдан кейін пайда болуы мүмкін мамандықтарға арналған үздік (қазақ немесе орыс тілдеріндегі презентациялар) жұмыстарын ұсынады. Жұмыста аталған маман немен айналысатыны, қандай технологияларды қолданатыны, қандай мәселелерді шеше алатыны түсіндірілуі тиіс. Жұмыс презентация немесе бейнеролик түрінде орындалуы мүмкін.

Техникалық талаптар:

Жұмыс бейнеролик форматында болса: ұзақтығы — 3 минуттан аспауы тиіс; форматы — MP4, кадрлар арақатынасы 16:9; ажыратымдылығы — кемінде 720р.

Жұмыс презентация форматында болса: 10 слайдқа дейін; форматы — PPT немесе PDF.

Бағалау өлшемдері:

- болашақ мамандығы идеясының өзіндік ерекшелігі мен жаңалығы (басымды);

- логикалық жүйелік және негіздеме: мамандық неге пайда болады және ол не үшін қажет (басымды);

- түсініктемелердің айқындығы мен қолжетімділігі (басымды);

- рәсімдеудің эстетикасы мен ұқыптылығы;

- техникалық талаптарға сәйкестігі;

3) «**Біздің отбасымыздағы мамандықтар**» бейнероликтер мен фотоәңгімелер байқауы.

Қойылатын талаптар: 2 қатысушы өз отбасындағы мамандықтар туралы баяндайды: ата-анасының, ата-әжесінің кәсібін таныстырады. Отбасындағы еңбек дәстүрлерін көрсетуге, балалардың ересектерден нені үйреніп жатқанын айтуға болады. Жұмыс жылы, танымдық, әсерлі немесе көңілді сипатта болуы мүмкін. Баяндауға бүкіл отбасының қатысуына рұқсат етіледі. Тілі — қазақ немесе орыс тілі (қатысушының таңдауы бойынша).

Техникалық талаптар: Жұмыс бейнеролик форматында болса: ұзақтығы — 3 минуттан аспауы тиіс; форматы — MP4, кадрлар арақатынасы 16:9; ажыратымдылығы — HD немесе одан жоғары; бейне мен дыбыс сапасы айқын болуы қажет.

Жұмыс фотоәңгіме форматында болса: 10 фотосуретке дейін, қысқа түсіндірме мәтіндерімен бірге; сурет форматы — JPEG/PNG; ажыратымдылығы — кемінде 1000 px; PDF-презентация түрінде ұсынуға рұқсат етіледі.

Бағалау өлшемдері:

- эмоционалдылық және отбасылық құндылықтарды ашу;

- отбасы мамандықтары туралы қызықты және түсінікті әңгіме (басымды);

- шығармашылық тәсіл және ұсынудың өзіндік ерекшелігі (басымды);

- бейне немесе фотосуреттердің сапасы;

- материалдың ұқыптылығы мен материалдың құрылымдылығы.

4) «**Жас мобилограф**» мамандықтар туралы бейнероликтер мен бейнесюжеттер байқауы

Байқауға қойылатын талаптар: 1 қатысушы смартфонға түсірілген ең жақсы жұмыстарын көрсетеді, белгілі бір мамандыққа арналған бейне жарнамаларды және телефон камерасы арқылы әртүрлі эмоцияларды, қызықты сәттерді креативті түрде үздік жұмыстарын қазақ және орыс тілдерінде (таңдау бойынша) ұсынады. Осы номинация бойынша байқау жұмыстары www.youtube.com арнасына орналастырылып, сілтемелері өтініммен жіберіледі.

Техникалық талаптар: роликтің ұзақтығы 3 минуттан аспауы тиіс; кадр тараптардың қатынасы - 16:9; стандартты ажыратымдылығы: HD, Full HD; оңтайлы өлшем - 1280 x 720; ені — кем дегенде 600 пиксель; бейне форматы – MP4.

Бағалау өлшемдері:

- мамандық туралы ақпараттың нақтылығы мен толықтығы;

- идеяның өзіндік ерекшелігі және бейнесюжеттің мәнерлілігі (басымды);

- кадрда білікті маманның болуы (кемінде бір ересек адам) (басымды);

- техникалық талаптарға сәйкестігі.

- роликтің көрсетілген тақырыпқа сәйкестігі;

13. Бір қатысушы **тек бір ғана номинация бойынша** өтінім береді. Әр номинацияға қатысу міндетті. Жасанды интеллектті, сондай-ақ бөгде контентті, интернет желісінен алынған бейнематериалдарды немесе олардың үзінділерін пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады. Байқау жұмыстары **түпнұсқа және бұрын жарияланбаған** болуы тиіс.

14. Форум қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

14. Кәсіби қазылар алқасы Форумның бағалау өлшемдері бойынша (10 балдық жүйемен) бағалайды. Әр жұмысты қазылар алқасынан **кемінде үш мүшесі** бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен ресімделеді. Бағалау қорытындысы бойынша қазылар алқасы мүшелері қойған барлық бағалардың арифметикалық орташа мәні ретінде есептелетін қатысушының орташа балы айқындалады.

15. Форум жеңімпаздары **I, II және III дәрежелі** дипломдармен (қатысушыны дайындаған жетекшінің Т.А.Ә. көрсетілген) марапатталады. Форумның барлық қатысушыларына қатысу туралы сертификаттар беріледі.



Правила проведение областного этапа Республиканского форума «Открываем мир профессий»

1. Общие положения

1. Настоящие Правила проведение областного этапа Республиканского форума «Открываем мир профессий» (далее – Форум) определяют цель, задачи, формат и порядок проведения.

2. Цель Форума: активизация творческого подхода к изучению профессий обучающимися для удачного выбора будущей профессии, востребованной и необходимой на рынке труда, в экономике будущего Казахстана, вовлечение обучающихся и педагогов в совместную общественно-значимую профориентационную деятельность, охват детей дополнительным образованием.

3. Задачи Форума:

1) активизация интереса обучающихся, находящихся в ситуации проектирования своего жизненного пути, поисковой деятельности;

2) поддержка и развитие полезной общественно-значимой деятельности старшеклассников в вопросах профессионального самоопределения;

3) выявление и поддержка ярких индивидуальностей, развитие творческих способностей в получении профессионального образования;

4) развитие инновационных форм взаимодействия подростка с семьёй, школой, творческим коллективом и общественностью в выборе будущей профессии;

5) установка творческих контактов и обмен опытом обучающихся.

4. Форум проводится *в дистанционном формате* по заказу Министерства просвещения Республики Казахстан.

5. Организаторы Форума формируют состав организационного комитета и состав жюри, проводят Форум, подводят итоги.

2. Сроки и порядок проведения Форума

6. Сопроводительное письмо и конкурсные работы с подписью руководителей районных / городских отделов образования до **18 февраля 2026 года** на электронную почту qosimsha.bilim.abai@mail.

7. К письму прилагаются: 1) заявка об участии победителей районного/городского этапа Форума (Ф.И., год рождения участника, заполненные в соответствии со свидетельством о рождении или удостоверением личности, организация образования, класс, домашний адрес, телефон);

2) ссылки на видеоматериал, размещенный на канале: www.youtube.com

8. Итоги Форума, дипломы победителей, благодарственные письма руководителям победителей, сертификаты участников будут размещены на сайте организатора **25 февраля 2025 года**.

9. Представленные на Форум работы не возвращаются. Организаторы Форума вправе опубликовать материалы конкурса в СМИ с указанием автора.

3. Участники Форума

10. В Форуме принимают участие победители районных/городских этапов – обучающиеся организаций образования, реализующих образовательные учебные программы основного среднего, общего среднего, дополнительного, технического и профессионального образования независимо от типов и форм собственности. Возраст участников: 11-17 лет.

11. Для увеличения охвата детей дополнительным образованием через участие в мероприятиях Форум проводится в два этапа:

I этап (отборочный) – региональный
школьный этап
районный/городской)
Областной этап

II этап (заключительный) – Республиканский Форум проводится в дистанционном формате в апреле 2026 года. Общее количество участников республиканского этапа – 180 человек (от региона – по 9 обучающихся).

12. Форум проводится по следующим номинациям:

1) «Профессия, которую я выбираю сегодня» конкурс презентаций. **Требования: 3 участника** представляют лучшие работы, презентации: 1 – на казахском, 1 – на русском, 1 – на английском.

Содержание презентации:

- чем привлекательна автору эта профессия;
- история происхождения профессии;
- содержание профессии;
- известные люди данной профессии;
- качества, способности человека, требуемые для данной профессии;
- «плюсы и минусы» профессии;
- где можно получить образование по данной профессии;
- сферы, где можно работать по этой специальности;
- карьерные перспективы специалиста;
- востребованность специалистов на рынке труда в настоящее время.

Технические требования: презентация должна содержать 10-15 слайдов. Размер файла – не более 5 МБ; формат – PowerPoint; на титульном слайде должны быть указаны: область, наименование организации образования, тема презентации, фамилия и имя автора, класс, можно использовать в презентации звуковое сопровождение, фотографии; презентация должна выдерживать единый стиль: цветовую гамму, шрифт (размер, начертание), выравнивание).

Критерии оценивания:

- соответствие техническим требованиям;
- раскрытие темы, полнота содержания (приоритетный);
- актуальность информации, обоснование (приоритетный);
- творческий подход к оформлению и подаче информации;
- целесообразное распределение по слайдам (соответствие количества слайдов) текста и графической информации.

2) «Профессия будущего» конкурс творческих работ.

Требования: 3 участника представляют лучшие работы, (презентации на казахском или на русском), посвященные профессиям, которые могут появиться в будущем - через 5-10 лет. Нужно объяснить, чем будет заниматься такой специалист, какие технологии он будет использовать, какие проблемы сможет решать. Работа может быть выполнена в виде презентации или видеоролика.

Технические требования:

Если работа в видеоролике: длительность - до 3 минут; формат - MP4, 16:9; разрешение - не ниже 720p.

Если работа в виде презентации: до 10 слайдов, формат PPT или PDF.

Критерии оценивания:

- оригинальность и новизна идеи профессии будущего (приоритетный);

- логичность и обоснование: почему профессия появится и зачем она нужна (приоритетный);
- ясность и доступность объяснений (приоритетный);
- эстетика и аккуратность оформления;
- соответствие техническим требованиям;

3) «Профессии в нашей семье» конкурс видеороликов и фоторассказов.

Требования к конкурсным работам: 2 участника представляют лучшие работы, где рассказывают о профессиях членов своей семьи: родителей, бабушек, дедушек. Можно показать семейные трудовые традиции, рассказать, чему дети учатся у взрослых. Работа может быть тёплой, познавательной, эмоциональной или весёлой. Допускается участие всей семьи. Язык — казахский или русский (по выбору).

Технические требования: если видеоролик: длительность — не более 3 минут; формат — MP4, 16:9; разрешение — HD или выше; изображение и звук должны быть чёткими.

Если фоторассказ: до 10 фотографий с короткими подписями; формат изображений — JPEG/PNG; разрешение — не ниже 1000 px; допускается PDF-презентация.

Критерии оценивания:

- эмоциональность и раскрытие семейных ценностей;
- интересный и понятный рассказ о профессиях семьи (приоритетный);
- творческий подход и оригинальность подачи (приоритетный);
- качество видеосъёмки или фотографий;
- аккуратность оформления и структурированность материала.

4) «Юный мобилограф» конкурс видеороликов и видеосюжетов о профессиях. Требования к конкурсным работам: 1 участник представляет лучшие работы, снятые на смартфон, на видео необходимо показать рекламу определённой профессии и креативно передать различные эмоции и интересные моменты через камеру телефона. Язык - казахский или русский. По данной номинации направляется ссылка на видеоматериал, размещенный на канале www.youtube.com.

Технические требования: длительность ролика – не более 3 минут; формат соотношения сторон – 16:9; разрешение: HD, Full HD; оптимальный размер – 1280 x 720; ширина – минимум 600 пикселей; формат видео – MP4.

Критерии оценивания:

- чёткость и полнота информации о профессии;
- оригинальность идеи и выразительность видеосюжета (приоритетный);
- наличие в кадре квалифицированного специалиста (не менее одного взрослого) (приоритетный);
- соответствие техническим требованиям.
- соответствие ролика указанной теме;

13. Один участник может подать заявку только в одной номинации. Участие в каждой номинации обязательно. Категорически запрещается использование ИИ и чужого контента, видеоматериалов или фрагментов, взятых из сети Интернет. Конкурсные работы должны быть оригинальными и ранее не опубликованными.

4. Подведение итогов Форума и награждение победителей

14. Районные (городские), областные (городской – для городов республиканского значения) этапы Форума финансируются местными исполнительными органами.

15. Оценивает работы Форума профессиональное жюри в соответствии с критериями оценки Форума (по 10-бальной шкале). Каждую работу оценивают не менее трех членов жюри. Решение жюри окончательное и оформляется протоколом. По итогам оценивания определяется **средний балл участника**, рассчитываемый как арифметическое среднее всех выставленных оценок членами жюри.

